ҚҰТТЫҚТАУ!

# Қымбатты жерлестер!

**Шексіз жылуымен жан жадыратып, көңілге ізгі де жарқын сенімдер ұялатып, көптен күткен Наурыз да келді.**



С. ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, г.ғ.д.

Бұл күн Шығыс елдерінің күнтізбесі бойынша - Жыл басы болып есептеледі. Наурыз мейрамы - жаңару мен өсудің белгісі, ежелгі дәстүрлерді қайта жаңғыртудың мерекесі, еңбек тойы, ырыс пен молшылықтың бастауы. Ол бізді туған елді сүюге, үлкен - кішіге құрмет көрсетуге, туған жердің табиғатын аялауға шақырады, әр жүрекке жылылық сезімін ұялатады.

Азаматтық өзара келісім және қоғамдағы тұрақтылық - еліміздегі жарастық пен гүлденудің кепілі болып табылады. Сондықтан да бұл мереке Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдеріне бірдей қымбат.

Наурыз – дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Жұрттың бәрі қуана қарсы алатын Наурыз мейрамында күннің алғашқы нұры табиғаттың жаңғыруымен қатар, әр шаңыраққа бақ - береке, болашаққа деген сенімділік әкелсін.

Жаңарудың, бейбіт өмір мен ізгіліктің мейрамы – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын! Наурыз елімізге тыныштық беріп, халқымыздың мерейі үстем болсын!

***Ақ мол болсын! Той тойға ұласа берсін!***